

«NetBet (НэтБэт)» ЖШС Бейілділік бағдарламасы

- 1. Жалпы ережелер
- 1.1 Осы «NetBet (НэтБэт)» ЖШС бейілділік бағдарламасына (бұдан әрі – «Бағдарлама») қатысу шарттары
- (бұдан әрі – «Шарттар») Бағдарламаға қатысу шарттары мен тәртібін анықтайды.
- 1.2 Бағдарлама Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етеді.
- 1.3 Бағдарлама 2022 жылы 01 шілде 00:00 сағаттан бастап (Астана қ. уақыты бойынша) күшіне енеді және 2023 жылы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.
- 1.4 Бағдарлама бонустық бағдарлама болып табылады.
- 1.5 Бағдарлама Ұйымдастырушымен ұзартылуы мүмкін.

2. Терминдер мен анықтамалар

- **Ұйымдастырушы**- «NetBet (НэтБэт)» ЖШС, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қонаев қ., С. Сейфуллин көшесі, 26/1 құрылыс. БСН 170140017744. Лицензия № 21034917, 12.07.2022 жылы ҚР Мәдениет және туризм министрлігінің Туризм индустриясы комитеті РММ берілген, қолданылу мерзімі 09.03.2027 жылға дейін.
- **Жинақтаушы карта** - нөмірі Қатысушының Аккаунт нөміріне сәйкес келетін, Қатысушының бонустар мөлшері туралы ақпарат сақталатын Қатысушының интерактивті картасы.
- **Бағдарлама** - Ұйымдастырушымен көрсетілетін қызметтерді алуға Қатысушылардың белсенділігін қалыптастыруға және ұлғайтуға бағытталған Ұйымдастырушының бейілділік бағдарламасы.
- **Оферта** – Қатысушыға Бағдарламаға қатысу үшін ұсынылатын Ұйымдастырушының жария ұсынысы.
- **Акцепт** - Қатысушының Ұйымдастырушының ресми сайтындағы арнайы терезеде ресімделген Бағдарламаға қатысуға келісімі.
- **Бонустар** - Бағдарламаға сәйкес есептелетін/есептен шығарылатын бонустар. Бонустар Бағдарламаға сәйкес пайдаланылуы мүмкін.
- **Қатысушы** - жиырма бір жасқа толған, Ұйымдастырушының букмекерлік кеңсесіндегі құмар ойындардың қатысушысы болып табылатын, Ұйымдастырушының ресми сайтында тіркелген, бәс тігуге қатысатын және Ұйымдастырушымен тәуекелге негізделген ұтыс туралы келісім жасасатын, Бағдарламаға қатысуға келісім берген, осы Қағидалармен, Мөлшерлемелерді қабылдау және өткізілетін бәс тігу

қағидаларымен, «NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсесінің жұмыс қағидаларымен танысқан жеке тұлға.

- **Нәтиже** - желіде көрсетілген оқиғаның нәтижесі.
- **Қатысушы Аккаунты** – ставкалар жасалғаннан және оқиғалардың нәтижесі есептелгеннен кейін ақша қаражатының және бонустар, операциялар саны туралы ақпарат көрсетілетін Ұйымдастырушының ресми сайтындағы Қатысушының жеке бөлімі.
- **Кэшбэк** - Бағдарламаға сәйкес тікелей Қатысушы Аккаунтына ақшалай қаражат түрінде есептелетін бонустар
- **Жеке кабинет** – Аккаунттың теңгерімі туралы ақпаратты, бонустар мөлшерін қамтитын Ұйымдастырушының ресми сайтындағы Қатысушының жеке бөлімі.
- **Бонустарды есептеу** - Қатысушының Ұйымдастырушының ресми сайтында нәтижесінде бонустар есептелетін әрекеттерді жасауымен байланысты операция.
- **Ресми сайт** - olimbet.kz мекен-жайы бойынша орналасқан Интернет желісіндегі Ұйымдастырушының сайты.
- **Күші жойылған ставка** - Ұйымдастырушы бәс тігудің күшін жойған желі оқиғасына қойылған ставка.
- **Бонустарды есептен шығару** - Бағдарлама шарттарына сәйкес, Қатысушымен жасалатын операция.
- **Ставка** – бәске Қатысушысы ойын бизнесін ұйымдастырушыға беретін және ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген осы Ережелерге сәйкес бәс тігуге қатысудың негізгі шарты болып табылатын ақша сомасы;
- **Желі оқиғасына ставка** - Аккаунт теңгеріміндегі соманы есептен шығару.

3. Бағдарламаға қатысу

- 3.1 Бағдарламаға қатысу ерікті болып табылады. Бағдарлама Қатысушылар үшін жария оферта негізінде жүзеге асырылады.
- 3.2 Бағдарламаға қосылу үшін Қатысушы Бағдарламаға қатысуға келісім беруі тиіс.
- 3.3 Бағдарлама бойынша алынған бонустар басқа бонустық бағдарламалардың бонустарына қосылмайды және есепке алынбайды.

4. Есеп айырысулар және есептеулер тәртібі

- 4.1 Бағдарламамен Қатысушының Бағдарламаның 4.2 т. сәйкес келетін ставкалары есепке алынады.

- 4.2 Бағдарламаға қатысу үшін желі оқиғаларына жасалған ставкаларды есепке алу
 - Бағдарламаға есепті кезеңде желі оқиғасына жасалған және есептелген Лайв, Желі және 24/7 ставкалар қатысады.
 - Бағдарламаға желі оқиғасына жасалған ставкалардың келесі түрлері қатысады: дара ставка, экспресс, жүйе.
 - Дара ставка үшін – кем дегенде 1.3 коэффициентімен желі оқиғасына ставка жасалуы тиіс.
 - Экспресс және/немесе жүйе үшін – экспресске және/немесе жүйеге кіретін оқиғалардың арасында, кем дегенде 1.3 коэффициенті бар кемінде бір желі оқиғасы болуы тиіс.
 - Бағдарламаға толық немесе ішінара қайтарылған желі оқиғасына жасалған ставкалар қатысады, егер олар жасалған сәтте жоғарыда көрсетілген талаптарды қанағаттандырған жағдайда.
 - Бағдарламаға сатылған желі оқиғасына жасалған ставкалар қатыспайды. .
- 4.3 Бағдарламамен сыйақы деңгейлері қарастырылған, оларға қол жеткізілген кезде келесі бонустар есептеледі:
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 25 000 бірліктен кем – Деңгей жоқ;
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 25 000 бірліктен 149 999 бірлікке дейін – «1-ші деңгей», 2500 бірлік номиналымен бонус есептеледі;
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 150 000 бірліктен 499 999 бірлікке дейін – «2-ші деңгей», 5000 бірлік номиналымен бонус есептеледі;
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 500 000 бірліктен 2 499 999 бірлікке дейін – «3-ші деңгей», 10 000 бірлік номиналымен бонус есептеледі;
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 2 500 000 бірліктен 9 999 999 бірлікке дейін – «4-ші деңгей», 25 000 бірлік номиналымен бонус есептеледі;
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 10 000 000 бірліктен 24 999 999 бірлікке дейін – “VIP Gold”, Ережелердің 5.9 тармағына сәйкес 25 000 бірлік мөлшерінде бонус, сонымен қатар Ережелердің 5.2 тармағының талаптары орындалған кезде Бағдарламаның 5.6 тармағында көрсетілгеннен 5% мөлшерінде Аккаунт теңгеріміне кэшбэк есептеледі;
 - Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 25 000 000 бірліктен 49 999 999 бірлікке дейін – “VIP Platinum”, Аккаунт теңгеріміне Ережелердің 5.9 тармағына сәйкес 25 000 бірлік мөлшерінде бонус, сонымен қатар Ережелердің 5.2 тармағының талаптары орындалған кезде Бағдарламаның 5.6

тармағында көрсетілгеннен 10% мөлшерінде Аккаунт теңгеріміне кэшбэк есептеледі;

- Желі оқиғасына жасалған ставкалардың сомасы (Ережелердің 4.2 тармағы бойынша) 50 000 000 теңгеден – “VIP Diamond”, Ойын шотына 5.9 тармағына сәйкес 25 000 теңге мөлшерінде бонус, сонымен қатар Ережелердің 5.2. тармағының талаптары орындалған кезде Бағдарламаның 5.6 тармағында көрсетілгеннен 20% мөлшерінде Аккаунт теңгеріміне кэшбэк есептеледі;

- 4.4 Бонус осы Бағдарламаға сәйкес автоматты түрде есептеледі және Қатысушы тарапынан белсенді әрекеттерді талап етпейді.
- 4.5 Бағдарламаның 4.3 тармағына сәйкес кэшбэк алу құқығы Қатысушыда автоматты түрде туындайды және Қатысушы тарапынан белсенді әрекеттерді талап етпейді.
- 4.6 Бағдарламамен бонустарды есептеуге шектеулер көзделген:
 - Бағдарламаның 5.1-5.2 тармақтарына сәйкес бонустар үшін.
 - Бағдарламаның 5.2-5.9 тармақтарына сәйкес кэшбэк үшін.
- 4.7 Бағдарламаның қолданылу уақыты үшін бонустарды есептеу ай сайын бірінші күні сағат 06:00-ден 12:00-ге дейін жүргізіледі. Есепті кезең айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап есепті айдың алдындағы айдың соңғы күні сағат 23:59:59-ға дейінгі кезең болып табылады.
- 4.8 Жаңа есепті кезең басталған кезде Бағдарламаның 4.2. тармағына сәйкес алынған желі оқиғасына ставкалар сомасы нөлге келтіріледі және оны жинақтау прогресі қайтадан басталады.
- 4.9 Бонустарды есептеу және пайдалану, Бағдарламада көзделген жағдайларды қоспағанда, Бағдарламаның қолданылу кезеңінде ғана мүмкін болады.
- 4.10 Бағдарлама шеңберінде есептелген бонустар басқа тұлғаға сатылуы, ауыстырылуы немесе берілуі немесе осы Бағдарламамен көзделген тәртіптен басқа жолмен қолданылуы мүмкін емес.

5. Бонустарды алу

- 5.1 Деңгейге қол жеткізгені үшін бонустар алу құқығы келесі шарттардың бірі орындалған кезде пайда болады.
 - Қатысушы есепті кезең үшін есеп айырысу қорытындылары бойынша Бағдарламаның 4.3 т. сәйкес бонус алу құқығына ие болатын деңгейге жетті.
 - Қатысушы есепті кезең шеңберінде бонус алу құқығы алынған деңгейден кейінгі деңгейге қол жеткізді.

- 5.2 Кэшбэк алу құқығы Бағдарламаның 4.3 тармағына сәйкес тиісті деңгейге жеткен жағдайда, есепті кезең ішінде бонустарға арналған желі оқиғасына ставкалар сомасын есепке алмағанда, Қатысушының барлық есептелген ставкаларының сомасы Ұйымдастырушы Қатысушыға жүргізген төлемдер сомасынан, оның ішінде бонустарға жасалған желі оқиғасына ставкаларды ескере отырып, асып кеткен жағдайда туындайды.
- 5.3 Кэшбэкті есептеу автоматты түрде жүзеге асырылады.
- 5.4 Кэшбэкті есептеу Бағдарламаның 4.7 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.5 Егер Қатысушыда есеп айырысудың есепті кезеңінде Бағдарламаның 5.7 тармағына сәйкес сыйақының бірнеше деңгейлері бойынша кэшбэк іске қосылған жағдайда, онда осы есепті кезең үшін кэшбэкті есептеу кезінде Қатысушы үшін көбірек сыйақы қарастырылатын кэшбэктің бір ғана деңгейі қолданылады.
- 5.6 Есепті кезең үшін кэшбэкті есептеуге арналған сома жоғарыда көрсетілген желі оқиғасына жасалған ставкаларды есептеу нәтижелері бойынша Қатысушымен жасалған есептелген желі оқиғасына жасалған ставкалардың (бонусқа арналған желі оқиғасына жасалған ставкаларды есепке алмағанда) сомасы мен Ұйымдастырушы төлеген ұтыстардың арасындағы айырма ретінде анықталады.
- 5.7 Есепті кезеңге арналған кэшбэк Бағдарламаның 5.2 тармағының шарттарын орындаған жағдайда Бағдарламаның 5.6 тармағына сәйкес айқындалған сомадан келесі деңгейге қарай есептеледі:
 - “VIP Gold” – сомадан 5%, бірақ 250 000 бірліктен артық емес.
 - “VIP Platinum” – сомадан 10%, бірақ 500 000 бірліктен артық емес.
 - “VIP Diamond” - сомадан 20%, бірақ 1 000 000 бірліктен артық емес.
- 5.8 Бағдарламаның 5.2-5.7 тармақтарына сәйкес кэшбэкті есептеу нәтижелері бойынша Қатысушының Аккаунт теңгеріміне кэшбэкті аудару автоматты түрде жүзеге асырылады.
- 5.9 Бағдарламаның 4.3 тармағына сәйкес "VIP Gold", "VIP Platinum", "VIP Diamond" деңгейлеріне қол жеткізгені үшін біржолғы сыйақыны Ұйымдастырушы осы деңгейлердің әрқайсысына қол жеткізген кезде Қатысушының Аккаунт теңгеріміне есептейді.

6. Бонустарды пайдалану

- 6.1 Осы Бағдарлама бойынша алынған бонустарды 30 күн ішінде кез келген қолжетімді коэффициентпен дара ставкаға, экспрескке ставка жасау кезінде толығымен пайдаланылуға болады.
- 6.2 Егер желі оқиғасына жасалған ставканың күші жойылса, бонустар қалпына келтірілмейді.

- 6.3 Ставки бонус болып табылатын желі оқиғасына жасалған ставка ұтқан жағдайда, Қатысушының Аккаунт теңгеріміне ставка жасалған бонустың номиналын шегергендегі ұтыс сомасы 1 бонус = 1 бірлік есебінен есептеледі. Бұл ретте осы сома Ұйымдастырушының құмар ойындар ережелеріне сәйкес желі оқиғасына ставкалар жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.
- 6.4 Бонусты азиялық тоталдар мен фораларға арналған желі оқиғасына ставкаларға пайдалануға болмайды.

7. Бонустарды Аккаунт теңгеріміне пайдалану

- 7.1. Кэшбэкті Ұйымдастырушы Қатысушының Аккаунт теңгеріміне қаражат түрінде есептейді. Бұл ретте осы сома Ұйымдастырушының құмар ойындар Ережелеріне сәйкес желі оқиғасына ставкалар жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.
- 7.2. Бағдарламаның 5.9 және 4.3 тармақтарына сәйкес бір реттік бонусты Ұйымдастырушы Қатысушының Аккаунт теңгеріміне қаражат түрінде есептейді. Бұл ретте осы сома Ұйымдастырушының құмар ойындар Ережелеріне сәйкес желі оқиғасына ставкалар жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

8. Қатысушының міндеттері мен жауапкершілігі

- 8.1. Қатысушы бонустар теңгерімін өз бетінше қадағалайды.
- 8.2. Қатысушы өзі туралы дәйексіз дербес деректерді көрсеткен жағдайда, сондай-ақ өзі туралы дәйексіз мәліметтерді уақтылы өзгертпеген жағдайда Қатысушы кез келген теріс салдарлардың тәуекелін дербес көтереді.
- 8.3. Қатысушы өз бетінше де, тұлғалар тобының құрамында да әрекет ете отырып осы Бағдарлама және ставкаларды қабылдау және бәс тігу Ережелерін бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы келесілерге құқықтарды сақтайды:
 - Жинақтаушы картадағы бонустардың сөзсіз күшін жою;
 - Қатысушыға Ұйымдастырушының бонустық бағдарламаларына қатысуына тыйым салу.
- 8.4. Қатысушы Аккаунт паролінің сақталуына және Аккаунтты басқаруға бөгде адамдардың рұқсатсыз кіруіне жол бермеуге жауапты.
- 8.5 Осы Бағдарламаға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелердің, Ставкаларды қабылдау және өткізілетін ұтыстар ережелерінің, «NetBet (НэтБэт)» ЖШС Букмекерлік кеңсесінің жұмыс ережелерінің мәтінімен

танысқанын, олардың мәнін білетіндігін, оларды дұрыс түсінгенін, және олармен толық көлемде келісетінін растайды.

9. Ұйымдастырушының міндеттері мен жауапкершілігі

- 9.1. Ұйымдастырушы ұпайдардың уақтылы есептелуін қамтамасыз етеді.
- 9.2. Ұйымдастырушы Қатысушыны бонустар балансының және ол үшін қолданылатын дербес ұсыныстардың өзгергені туралы ресми сайтта хабардар етеді.
- 9.3. Осы Ережелерге, ставкаларды қабылдау және өткізілетін бәстің ережелеріне, «NetBet» (НэтБэт) ЖШС Букмекерлік кеңсесінің жұмыс ережесіне сәйкес, Ұйымдастырушы Бағдарламаның кез келген қатысушына алдын ала хабарламасыз және шектеулердің себебін түсіндірусіз шектеулер қолдануға, сондай-ақ кез келген уақытта Бағдарламадан шығаруға құқылы.